

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӨСІПОРНЫ
«№140 БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ»

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

ХАТТАМА № 2

Өткізілетін уақыты: 30 қараша 2023 жыл

Педагогикалық кеңестің түрі: «Іскерлік отырыс»

Тақырыбы: «Балабақшадағы сауықтыру шынықтыру шараларын жүзеге асыруда дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетте жаңашыл ойындарды қолдану»

Мақсаты: Инновациялық технологияларды кіріктіре отыра, жаңа форматтағы ойындарды ойнату. «Балансир» тепе-теңдік тақтайшасы, «Степ» тақтайшасы, «Джампинг» секірме құралы және әдістен тыс құралдар - орамалдар, оқтаулар, сүйектерден гантель, майда сүйектер, қамшы, ауа толтырылған қапшықтармен жалпы дамыту жаттығуларын жасауды үйрету. Тұрақты физикалық жаттығулармен денені нығайту және иммунитетті көтеру. Тәрбиеленушілердің дене белсенділігін, денелерінің түзу сымбатты қалыптасуын дамыту. Салауатты өмір салтын насихаттау.

Педагогикалық кеңеске қатысушылар: меңгеруші, әдіскер, психолог, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер

Алматы-2023 жыл

№ 2 педагогикалық кеңеске өтілген ҰІӨ түрі

1. «Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде әдіс-тәсілдерді қолдану»
ұйымдастырылған іс-әрекет
Дене шынықтыру нұсқаушысы – Куанбаева С.Б.
Мектепалды топ тәрбиешісі – Рысбекова Н.Ж.

КҮН ТӘРТІБІ

1. №1 педкеңестің шешімін талдау –
менгеруші: Мухаметрахимова Ш.А.
2. . «Дәстүрден тыс құралдар мен жаңа форматтағы ойындарды дене шынықтыру
ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолдану» слайд-презентация
әдіскер: Д.К.Сатпаева
3. Іс- тәжірибемен бөлісу
(дене шынықтыру нұсқаушысы ҰІӨ)
4. Тимбилдинг – психолог: Дарибаева Г.Н.
5. . «Физикалық дағдыларды дамыту бойынша дәстүрден тыс құралдардан көрме»
ұйымдастыру
6. Педагогикалық кеңестің шешімі

I ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша басшысы: Мухаметрахимова Ш.А. екінші педагогикалық кеңесті ашық, -деп жариялап күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Қазіргі таңдағы балабақшадағы дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстары туралы сөз қозғады. Балабақшадағы қауіпсіз орта туралы айтты. Әр топтың инстаграм парақшасының уақытымен жүргізіліп, жаңартып тұруларын айтты. Сонымен қатар балабақшада ешқандай мерекеге ақша жинамау туралы қатаң айтты. Әдістемелік нұсқаулық хат негізінде тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспарлары бекітіліп, циклограмма жазылуда. №2 педагогикалық кеңеске берілген ҰІӨ қатыстым, ұсыныс, ескертулерді айттым, болашақта барлығы ескеріледі, - деп ойлаймын. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары бекітіліп, педагогтармен жұмыстар жүргізілуде. Алтын күз мерекесі де өте жоғары деңгейде өтті. 1- педагогикалық кеңес шешімдері толығымен орындалды, -деп тәрбиешілерге алғыс айтты. Тәрбиешілердің еңбектеріне табыс тілеп сөзін аяқтады.

ШЕШІМ:

Бірінші педагогикалық кеңестің шешімдері қанағаттанарлық деп есептелінсін

II ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша «Дәстүрден тыс құралдар мен жаңа форматтағы ойындарды дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолдану» тақырыбында слайд-презентация әдіскер: Сатпаева Д.К.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «білім берудегі мақсат қоғам мүшелерінің жоғарғы деңгейдегі адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және тұлғалық дамуына әрі кәсіптік құзырлығына қол жеткізу болып саналады. Білім мүшесінің басты міндеті –жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіптік тұрғыда жетілу үшін қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілген.

Жеке адамды жан- жақты дамытуда дене тәрбиесінің маңызы өте зор. Ойын процесі кезінде әрекет ете білуге оқыту тікелей әрекет арқылы болады. «Ойын арқылы адам әлемді таниды, біліктілікті игереді, білім алады, эмоциялы қуатталады» - деген А. Науменко.

Қазіргі кезеңде денешынықтыру- спорт жұмысының мазмұнын қайта қарастырудың бес негізгі әдісі бар. Осылардың ішінде оқу-тәрбие процесіне қозғалыс, дене шынықтыру, сауықтыру және спорттық іс-әрекеттерді шығармашылықпен игеру кезінде жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға және оның өзін-өзі анықтауға бағыттайтын тәсіл ерекше маңызды болғандықтан, ерекше назар аударылады. (В.И. Лях, 1991).

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой қабілеттерін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол педагогтер мен тәрбиеленушілерге өз бетімен және топтасып шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану балалардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесін, жаңа форматтағы ойындар мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу– бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі.

Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру– бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі

сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

ШЕШІМ:

Физикалық дағдыларды дамыту жыл бойы толықтырылып отырылсын.

III ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша іс-тәжірибемен бөлісу.

Мақсаты: Инновациялық технологияларды кіріктіре отыра, жана форматтағы ойындарды ойнату. «Балансир» тепе-теңдік тақтайшасы, «Степ» тақтайшасы, «Джампинг» секірме құралы және әдістен тыс құралдар - орамалдар, оқтаулар, сүйектерден гантель, майда сүйектер, қамшы, ауа толтырылған қапшықтармен жалпы дамыту жаттығуларын жасауды үйрету. Тұрақты физикалық жаттығулармен денені нығайту және иммунитетті көтеру. Тәрбиеленушілердің дене белсенділігін, денелерінің түзу сымбатты қалыптасуын дамыту. Салауатты өмір салтын насихаттау.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиеші: Рысбекова Н.Ж. дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті маған ұнады, себебі дайындық барысында қаншама идеялар, ойлар, қиялдарға мүмкіндік болды. Балалар емес өзімізде керемет қызығушылықпен орындап шықтық. Біздің балабақшамыздың бірінші жылдық міндеттемесі де осы болтын, баланың физикалық дағдыларын арттыру.

ШЕШІМ:

Өткізілген іс-тәжірибе қанағаттанарлық деп есептелінсін

IV. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша тимбилдингке кезек берілді. Психолог: Дарибаева Г.Н. «Денсаулықты сақтаймыз, өзімізді баптаймыз!» тимбилдингін педагогтармен өткізді.

Мақсаты: Педагогтерге еркін бейресми қарым-қатынас жасауды, командада жұмыс істеуді үйрету және корпоративтік байланыстарды нығайтуға ықпал ету.

Барысы:

1. Қимылды ойын: «Түзу таяқшалар».

Мақсаты: Бір ортақ мақсатты жұмыла бірігуге, ұйымшылдыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру.

Шарты: Таяқшаларды құлатпай, сағат тілімен айналып жүру. Сөмке ішінен кітапты алып қыстыру.

2. Қимылды ойын: «Тыныс алу ойыны».

Мақсаты: Дұрыс дем алып шығаруға, дәлдікке үйрету.

Шарты: Кішкене доптарды үрлеу арқылы дәлдеп тәрелкеге түсіру.

ШЕШІМ:

Психологтың тимбилдинг жұмыстары одан әрі жүргізілсін.

V. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша «Физикалық дағдыларды дамыту бойынша дәстүрден тыс құралдардан көрме» ұйымдастырылды. Көрмеге әр топ, жас ерекшелігіне байланысты түрлі құралдар мен ойындар әкелді. Меңгеруші көрмені бағалап, педагогтарға осындай жұмыстар әрдайым жалғасын тапсын деген ойын айтты.

ШЕШІМ:

Ұйымдастырылған көрме қанағаттанарлық деп есептелінсін.

VI. ТЫҢДАЛДЫ:

Бесінші мәселе бойынша педагогикалық кеңестің шешімі қабылданды.

№ 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ:

1. Бірінші педагогикалық кеңестің шешімдері қанағаттанарлық деп есептелінсін.
Ескертулерді түзетіп орындалуын қадағалау.

Мерзімі: 1-апта
Жауапты: әдіскер

2. Физикалық дағдыларды дамыту жыл бойы толықтырылып отырылсын.

Мерзімі: I-жарты жылдық
Жауаптылар: әдіскер, педагогтар

3. Өткізілген іс-тәжірибе қанағаттанарлық деп есептелінсін

Мерзімі: үнемі
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

4. Психологтың тимбилдинг жұмыстары одан әрі жүргізілсін.

Мерзімі: үнемі
Жауапты: психолог

5. Ұйымдастырылған көрме қанағаттанарлық деп есептелсін.

Мерзімі: үнемі
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

6. Педагогикалық кеңестің шешімі бір ауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Педагогикалық кеңестің хатшысы:



Мухаметрахимова Ш.А.

Сатпаева Д.К.